**Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты «№268 мектеп-лицейі» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық**

**А Н Ы Қ Т А М А**

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 20.11.2024 жылғы №4077 санды хатына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің типтік ережелеріне» сәйкес, 2024 жылдың 1-қыркүйегі мен 25 желтоқсан аралығында «№268 мектеп-лицей» КММ жанынан құрылған жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Мектеп-лицей директорының 21.11.2024 жылғы №216 бұйрығымен келесі құрамда жұмыс тобы құрылған:

| | |
|---|---|
| Абильдаев Мейрамбек | мектеп директоры, жұмыс тобының басшысы |
| Құлмырза Ерлан | директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі. |
| Қалжанова Айгүл | директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Беделбеков Әділет | директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Сарыбаев Жанғабыл | директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Сейпулова Алия | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Кенжебаев Мейрман | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Серікбаева Баян | кәсіподақ төрайымы, жұмыс тобының мүшесі |
| Жонтаева Ляззат | бас есепші, жұмыс тобының мүшесі |
| Келесова Мөлдір | бағдарламашы, жұмыс тобының мүшесі |
| Мұхамбетияева Айдана | іс-қағаз жүргізушісі, жұмыс тобының мүшесі |
| Рахманова Гүлбану | менеджер, жұмыс тобының хатшысы |

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды келесі бағыттарда жүргізді:

**1. Мектеп - лицей қызметіне әсер ететін нормативтік - құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Мектеп-лицей өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Мемлекеттік білім беру стандартын, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері және басқа заңдарын, барлық деңгейдегі білім беруді басқару органдарының нормативтік -құқықтық актілері мен мектеп-лицей Жарғысын басшылыққа алып жұмыс жасауда. Талдау нәтижелері бойынша әкімшілік және басқарушылық персоналдың өз қалауы бойынша шешім қабылдағанын көрсететін фактілер, жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда кедергілер жасауға ықпал етіп, заңды ерікті түсіндіру мүмкіндігін тудыратын кемшіліктер анықталған жоқ.

**2. Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Мектеп қызметкерлерімен жедел жұмыс

Мониторинг уақытында мектеп қызметкерлерінің жалпы құрамы - 183 адам. Оның ішінде педагогтар – 134, техникалық қызметкерлер 49. Бала күтімінде-10 қызметкер.

№268 мектеп-лицейінде 134 педагог жұмыс жасайды. 2023-2024 оқу жылында біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өтуге 44 педагог құжат өткізді. Оның ішінде 29.08.2024 жылы облыстық білім басқармасының №92-нқ санды бұйрығымен аттестаттаудың бірінші кезеңі бойынша 11 мұғалімге «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты, қалалық білім бөлімінің №141 санды бұйрығымен 5 мұғалімге «Педагог-сарапшы» біліктілік санаты беріліп, 1 педагог өзінің педагог-модератор санатында қалдырылды.

02.09.2024 жылы мектеп-лицей жанынан құрылған комиссия отырысының шешімі бойынша №158/1-нқ санды бұйрығы негізінде педагог-модератор біліктілік санатын алу үшін құжат өткізген 17 мұғалімнің 16-сына педагог-модератор біліктілік санаты беріліп, 1 педагог декреттік демалыста болуына байланысты құжаты қаралмады.

29.11.2024 жылы облыстық білім басқармасының №122-нқ санды бұйрығымен аттестаттаудың екінші кезеңі бойынша 10 мұғалімге «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты берілді. Облыстық білім басқармасы мен қалалық білім бөлімдерінің бұйрықтарын басшылыққа ала отырып, мектеп-лицей бойынша №158-нқ және №227-нқ санды бұйрықтары шығарылды.

Алдағы 2025 жылы «Ұстаз» платформасы арқылы біліктілік санатын көтеру үшін 31 мұғалімнен ұсыныс түсті. Оның ішінде «Педагог-модератор» санатына – 15, «Педагог-сарапшы» санатына - 12 және «Педагог-сарапшы» біліктілік санатын қайта бекітуге 4 мұғалім.

Осыған байланысты мектеп-лицейінен 13.12.2024 жылы №231 н.қ бұйрығы шығарылып, аттестация тапсыратын мұғалімдердің «Ұстаз» платформасына құжаттары орналастырылды.

2024 жылдың 1-ші қыркүйегі мен 25-желтоқсаны арасында өз еркімен қызметінен босаған пеадгогтар жоқ ҚР Еңбек кодексіне сәйкес теріс себептер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ.

Белгіленген мерзімде педагогикалық қызметкер жұысқа алынбаған.

Жұмысқа қабылдау бойынша алдыңғы мерзімдерде сыбайлас жемқорлық немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды қабылдау фактілері анықталған жоқ. Барлық қызметкерлерінің жеке іс-қағаздарында сотталмағандығы жөнінде анықтамалары бар. Прокурордың қадағалау актілері мен сот актілері жасалмаған. Қарастырылып отырған кезеңдегі азаматтардың қолданыстағы заңнаманы бұзу туралы өтініштері мен қызметкерлердің іс-әрекеттеріне шағымдану фактілері анықталған жоқ.

**3. Мемлекеттік қызметтер көрсету**

«№268 мектеп-лицейі» КММ ұсынатын мемлекеттік қызметтер:

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ведомстволық бағыныштылығына қарамастан

білім беру ұйымдарына 1 сыныпқа оқуға қабылдауға мемлекеттік қызметті алуға-148 азаматтан өтініш түскен.

- «Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларға үйде жеке тегін білім беруді ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» 2024 жылы 1-ші қыркүйектен 25-желтоқсанына дейін мемлекеттік қызметті алуға 7 азаматтан өтініш түскен. Өтініш қанағаттандырылған.
- «Жалпы білім беретін мектептің оқушылары мен оқушыларының жекелеген санаттарын ақысыз және жеңілдікпен тамақтандыру» аталған мерзімге мемлекеттік қызметті алуға өтінішпен 5-11 сынып аралығында 130 азаматтан өтініш түсіп, қанағаттандырылған.
- «Аз қамтылған отбасылардың балаларын жазғы сауықтыру орындарында және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуды қамтамасыз ету үшін құжаттар қабылдау және бағыттар беру» қарастырылып отырған кезеңде жазғы сауықтыру орындарына 17 өтініш, мектеп жанындағы лагерлерге 30 азаматтан өтініш қабылданып, қанағаттандырылған.
- 2024 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың түпнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметті алуға 1 өтініш түскен. Өтініш қанағаттандырылған.
- Қазіргі таңда педагог кадрлардың сапалық құрамы:

| | Педагог-шебер | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | Санаты жоқ | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| №268 | жоқ | 40 | 35 | 41 | 18 | 134 |

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оларға теңестірілген адамдарға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттауға құжаттар қабылдау»

Мемлекеттік қызмет регламенттері стандарты жане қызмет көрсетушілердің мемлекеттік қызметтерді көрсетудің нақты процессіне сәйкес келеді. Мектептің мемлекеттік қызметтері туралы ақпарат мектеп-лицейдің көрнекі жерінде орналастырылған.

**4. Мемлекеттік сатып алулар.**

«Мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11 желтоқсандағы 2015 жылғы №648 бұйрығымен «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының нормаларына сәйкес жүзеге асырылған.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электронды түрде жүзеге асырылған.

Шарттар жасасудың электрондық форматынан веб-порталда сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы толық және сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді.

2024 жылдың 1-қыркүйегінен 25-желтоқсанына дейін «№268 мектеп - лицейі» КММ мемлекеттік сатып алу өткізілген:

- баға ұсыныстарын сұрату әдісі бойынша - 9 келісім шарт жасалған. Қаржысы 3164712 теңге.
- келісім-шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу әдісі - 7 келісім шарт жасалған. Қаржысы 51919720,48 теңге.
- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу бойынша 3 келісім шарт жасалған. Қаржысы 237087,68 теңге.
- Электрондық дүкен-1 келісім шарт жасалған. Қаржысы 551800 теңге.

Тікелей қорытынды әдісімен сатып алуды жүзеге асырған кезде жеткізушінің баға ұсыныстары, балама ұсыныс және баға модулі таңдау үшін негіз болып табылады. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар айына екі реттен жиі емес енгізілген. Барлық келісім-шарттарға қол қойылған, қысқа мерзімді келісім-шарттар мен ұзақ мерзімді келісім-шарттар орындалған. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде заң бұзушылықтарға жол берілмеген. Қаржы игеру – 100%

**5. Мектеп қызметкерлері, оқушылары мен олардың ата-аналары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру бойынша негізгі шаралар.**

Мектеп-лицейде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу келесі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылған:

1.Мектептің педагогикалық ұжымы және педагогикалық емес қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға байланысты 2024-2025 оқу жылының 1-жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кешенді жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізілген.

Мектеп-лицей директорының 29.08.2024 жылғы №115 н/қ бұйрығымен «Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес» құрылған.

2. Мектеп оқушыларының ата-аналары (заңды өкілдері) арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру. 2024-2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сәйкес ата-аналар қоғамдастығымен іс-шаралар өткізілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жеморлық тәуекелдерін азайту сұрақтары бойынша электрондық пошта жәшігі mektep268@mail.ru

3. Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты қалыптастыру мақсатында 2024-2025 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сәйкес сынып сағаттары өткізілген. 2017 жылдан бастап мектеп-лицейде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс істейді. Клубтың жетекшісі – көркем еңбек пәні мұғалімі М.Алдаберген

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары**

1. Мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық комиссиялармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттесу механизмін құру

2. Қызметкерлерді, ата-аналарды (заңды өкілдерді), мектеп оқушыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға неғұрлым белсенді қатысуға,

сыбайластық мінез-құлыққа жағымсыз қатынасты қалыптастыруға тартуға бағытталған және басқа шараларды қабылдау.
3. Қызметтік нұсқаулықта мектептің педагогикалық, педагогикалық емес және әкімшілік құрамының, өкілеттіктерін нақтылау.
4. Мектеп қызметкерлері кез-келген адамдар олармен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу мақсатында хабарласқан жағдайлары туралы мектеп әкімшілігіне немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобына хабарлауы керек.

**Жалпы ұсыныстар:**
- мектеп қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойныша талдау анықтамасының қорытындыларын өндірістік кеңесте қарау;
- көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланысу тәуекелін болдырмау мақсатында азаматтар үшін электрондык үкімет порталы немесе корпорация арқылы баламалы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің санын барынша азайту. Электрондық мемлекеттік қызметтерді көпшілікке тарату бойынша түсіндіру іс-шараларын тұрақты негізде жургізу;
-жауапты қызметкерлерді тарта отырып, білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу бойынша тұрақты негізде сабақтар өткізу.

| | |
|---|---|
| Абильдаев Мейрамбек | мектеп директоры, жұмыс тобының басшысы |
| Мусаев Болат | Қамқоршылық кеңес төрағасы |
| Құлмырза Ерлан | директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі. |
| Қалжанова Айгүл | директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Беделбеков Әділет | директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Сарыбаев Жанғабыл | директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Сейпулова Алия | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Кенжебаев Мейрман | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі |
| Серікбаева Баян | кәсіподақ төрайымы, жұмыс тобының мүшесі |
| Жонтаева Ляззат | бас есепші, жұмыс тобының мүшесі |
| Келесова Мөлдір | бағдарламашы, жұмыс тобының мүшесі |
| Мұхамбетияева Айдана | іс-қағаз жүргізушісі, жұмыс тобының мүшесі |
| Рахманова Гүлбану | менеджер, жұмыс тобының хатшысы |

Орындаушы: Директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары Е.Құлмырза.

Жұмыс тел: 8(7242) 21-17-40